

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті Тарих факультетінің I курс докторанты Моминова Гульнар Төребайқызының «Қазақстан тарихындағы топонимикалық зерттеулердің кейбір мәселелері» атты ғылыми мақаласына

СЫН ПІКІР

Тарих ғылымында өзекті мәселелердің бірі жер-су атауларының шығу тарихы. Қазақстанның әрбір аймағы тарихы тереңде жатқан киелі жерлер мен мекендерге бай. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері көптеген атауларға қазақша есімдер, оның ішінде халқына қалаулы, еліне елеулі болған тарихи тұлғалар, батырлар, өнер қайраткерлеріне есімдер беріліп, қазақиландырылды.

Жұмыста жер-су аттары (топонимдер бойынша) халық ауыз әдебиеті, ертедегі аңыздарда батырлар жыры, ертегілер дерек көзі болып табылады. Сондай-ақ біз үшін ең құнды материал «Бабалар сөзі» 100 томдық еңбектің жұмыста қолданылғанын айтуға болады.

Жұмыстың өзектілігі тарихы тереңде жатқан қазақ халқының топонимикалық атауларды ертеде қоя білгендігінде. Сонымен қатар желмаясын мініп, жерұйықты іздеген Асан Қайғы бабамыздың айтып кеткен атаулары мен тәуелсіздік алған уақыттан бастап зерттеп жүрген зерттеушілердің еңбектері назарға алынған.

Топонимика ғылым саласы ретінде тарих, әдебиет, география ғылымдарымен байланысты дамиды және қазақ даласының ауызша тарихы мен шежіресі арқылы көне мен бүгіннің арасын жалғастырады – деген тұжырым өте орынды айтылған. Менің пайымдайуымша еліміздің тарихына қатысты ауызша деректерді, топонимикалық атауларды зерттеудің маңыздылығы аса жоғары. Талқыға салынып отырған мақала мазмұны жағынан жоғары деңгейде жазылған және автор еңбегінде жан-жақты мәселелерді талқылаған.

Жоғарыда аталған пікірлерді қорыта келе, аталған еңбектің маңыздылығын ескере отырып басылымға ұсынуға лайықты деп санаймын.

Пікір жазған:

ҚР Ұлттық музейі,

ғылыми-әдістемелік қызмет басшысы,

философия докторы (PhD)



С.Б. Алипова